



## БҰЙРЫҚ

23 желтоқсан 2020 ж.

## ПРИКАЗ

№ 218

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың кейбір мәселелері туралы

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 1-бабының 2-1), 4), 6) тармақшаларын, 6-бабын, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасының 2019 жылғы 07 маусымдағы № 605 бұйрығымен бекітілген ҚР ӘМ «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК Жарғысының 21-тармағын басшылыққа ала отырып, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл көріністері жөніндегі заңнама талаптарын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Кәсіпорын директорының барлық орынбасарлары, филиал директорлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ кәсіпорында ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын лауазымды адамдар (соның ішінде қаржы және мемлекеттік сатып алулар саласында шешім қабылдайтын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама талаптарын қатаң сақтасын;

2. Кәсіпорынның барлық лауазымды тұлғалары өз жұмысында тұрақты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды жүргізсін; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырсын; мүдделер қақтығысын болдырмасын; сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда ол туралы тікелей басшысын бірден ақпараттандырсын;

3. Бұйрықтың 2,3-тармақтарында көрсетілген кәсіпорынның барлық лауазымдық тұлғалары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңымен (03.07.2019ж. № 262-VI өзгерістер мен толықтырулармен) міндетті түрде таныссын;

4. Осы бұйрықпен кадр бөлімі бұйрықтың 2,3- тармақтарында көрсетілген барлық лауазымдық тұлғаларды сыбайлас жемқорлық көріністері үшін құқық бұзушылықпен қатар, дербес жауапкершілікті кәсіпорынның бірінші басшысы және тікелей басшысы қоса тартылатынын ескертіп таныстырсын;

5. Осы бұйрықтың орындалуы жауапты хатшы (әдеп жөніндегі уәкіл, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын атқарушы) Е.А.Дюсеновке жүктелсін.

Директор



Р. Сәрпеков

002256

Handwritten signatures and initials at the bottom of the page.